

## Зырян ауданы Соловьево селолық округінің Соловьево, Маяк, Подорленок ауылдарының көшелерін қайта атап туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Соловьево селолық округі әкімінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 18 қаңтарда № 5-12-190 болып тіркелді

### Р К А О - ның ескертпесі.

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 28 тамыздағы қорытындысы және Соловьево селолық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып, Соловьево селолық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Зырян ауданының Соловьево селолық округі Соловьево ауылындағы Октябрьская көшесі Алтай көшесі болып қайта аталсын;

Зырян ауданының Соловьево селолық округі Маяк ауылындағы Октябрьская көшесі Болашақ көшесі болып қайта аталсын;

Зырян ауданының Соловьево селолық округі Подорленок ауылындағы Коммунистическая көшесі Заречная көшесі болып қайта аталсын.

2. "Соловьево селолық округінің әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Зырян ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткізуі;

2) әкімнің осы шешімі мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрде көшірмесін жіберуді;

3) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Зырян ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресим жариялау үшін жіберуді;

4) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Зырян ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Соловьево селолық округінің әкімі*

*M. Тюлюбайев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК